

"Кешенді тестілеуді өткізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 8 мамырдағы № 190 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 16 шілдедегі № 302 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 17 шілдеде № 20986 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Кешенді тестілеуді өткізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 8 мамырдағы № 190 бұйрығына (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 13 мамырда № 18657 болып тіркелген, "Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі" АЖ 2019 жылғы 21 мамырда жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Кешенді тестілеуді өткізу қағидаларында:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) ахуалдық орталық – білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайтын ұйымда орналастырылған, онлайн режимде КТ өткізу процесін байқау үшін коммуникация құралдарымен жарақтандырылған зал;

2) жауап парағы – түсуші тест тапсырмаларының жауаптарын белгілейтін кешенді тестілеу нәтижелерін бағалауға арналған арнайы бланк;

3) жауап парақтарының көшірмесі – тестілеу нәтижелерін бағалауға арналған құжат болып табылмайтын, кешенді тестілеуден кейін балдарды өз бетінше санауға арналған бланк;

4) желілік жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейін білім беру ұйымдары – кешенді тестілеуге құжаттарды қабылдауды жүзеге асыратын жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейін білім беру ұйымдары (бұдан әрі – ЖЖОКБҰ);

5) желілік ЖЖОКБҰ қабылдау комиссиясы – кешенді тестілеуге түсушілерден құжаттарды қабылдауды жүзеге асыратын ЖЖОКБҰ жанындағы комиссия;

6) кешенді тестілеу – ақпараттық-коммуникациялық технологиялар қолданылып, бірнеше оқу пәндері бойынша бір мезгілде өткізілетін емтихан нысаны;

7) компьютерлік форматтағы КТ – әрбір тестіленуші үшін дербес компьютерді пайдалану жолымен өткізілетін тестілеу;

8) қағаз форматындағы КТ – тестіленушіге сұрақ-кітапшасын және жауап парағын беру жолымен жүргізілетін тестілеу;

9) кешенді тестілеу өткізу пункттері (бұдан әрі – КТӨП) – КТ өткізуді жүзеге асыратын ЖЖОКБҰ;

10) КТӨП қабылдау комиссиясы – КТ өткізуді жүзеге асыратын ЖЖОКБҰ жанындағы комиссия;

11) нұсқаларды тарату парағы – кітапша нұсқасының аудиториядағы белгілі бір орын нөміріне бекітілгендігі туралы ақпаратты қамтитын парақ;

12) отырғызу парағы – түсушілерді аудиториядағы орындар бойынша бөлу парағы;

13) онлайн апелляция – компьютерлік форматта КТ өткізген кезде тестілеу аяқталғаннан кейін 30 (отыз) минут ішінде апелляцияға өтініш беру;

14) шекті балл – республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет есебінен білім беру грантын тағайындау конкурсына қатысуға немесе ақылы негізде оқуға түсуге рұқсат беретін Үлгілік қағидалармен белгіленген тестілеудің әр бөлімі немесе пәндері бойынша балдардың минималды жиынтығы.

15) электрондық сертификат – Ұлттық тестілеу орталығының сайтында жарияланатын КТ балдарын ресми растайтын үміткердің бірегей деректері бар электрондық құжат (бұдан әрі – сертификат).";

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. КТ-ға қатысу үшін түсуші Ұлттық тестілеу орталығының сайты арқылы және (немесе) желілік ЖЖОКБҰ қабылдау комиссиясына мынадай құжаттарды береді:

1) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

2) жоғары білімі туралы құжат (түпнұсқа, қабылдау комиссиясына құжат тапсыру кезінде);

3) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

4) 3x4 сантиметр өлшемді екі фотосурет;

5) "Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы" (Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6697 болып тіркелген) бекітілген 086-У нысаны бойынша электрондық форматтағы медициналық құжаттама (бұдан әрі – № 907 бұйрық);

6) тестілеуге қатысу үшін ақы төлегені туралы түбіртек.

Осы тармақта көрсетілген құжаттардың көшірмелерімен бірге салыстыру үшін олардың түпнұсқалары ұсынылады. Құжаттарды салыстыру түсушінің қатысуымен жүргізіледі. Салыстыру жүргізілгеннен кейін түпнұсқа қайтарылады.

КТ-ға қатысу үшін көру, есту, тірек-қимыл аппаратының функциялары бұзылған мүгедектер "Медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 44 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10589 болып тіркелген) бекітілген мүгедектікті белгілеу туралы

құжатты (бұдан әрі – мүгедектікті белгілеу туралы құжат) ұсынған кезде қажет болған жағдайда Ұлттық тестілеу орталығы директорының атына еркін нысанда:

1) жеке аудиторияның;

2) көру, тірек-қимыл аппаратының функциялары бұзылған мүгедектер үшін КТ шеңберінде тапсырылатын пәндердің оқытушысы болып табылмайтын көмекші және (немесе) есту қабілеті бұзылған мүгедектер үшін ымдау тілін білетін маманның қажеттілігі туралы еркін нысандағы қосымша өтінішті бере алады.

Оқуға түсушілер осы тармақта көрсетілген құжаттарды ұсына отырып, өз қалауы бойынша онлайн режимінде өтініш береді.

Белгілі бір аумақта тиісті мемлекеттік органдар шектеу іс-шараларын жүзеге асырған, төтенше жағдай енгізілген, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған кезде осы аумаққа оқуға түсушілер осы тармақтың 5) тармақшасында және үшінші абзацында көрсетілген құжаттарды шектеу іс-шараларының алынуына, төтенше жағдай қолданысының тоқтатылуына қарай тікелей білім беру ұйымдарына ұсынады.";

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. КТ-ға қатысу үшін өтініш берген үміткерлерге ЖЖОКБҰ қабылдау комиссиясы арқылы құжаттардың қабылдануы туралы қолхат (еркін нысанда) беріледі.";

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. КТӨП және желілік ЖЖОКБҰ қабылдау комиссиясының құрамын ЖЖОКБҰ басшысы немесе оның міндетін атқарушы тұлға бекітеді.

Желілік ЖЖОКБҰ қабылдау комиссиясының функциялары:

1) оқуға түсушілерге жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының тандап алынатын тобының мәселелері бойынша консультация беру, КТ рәсімдерімен таныстыру;

2) құжаттарды қабылдауды және тексеруді ұйымдастыру;

3) оқуға түсушілерге КТ форматы және жауап парағын толтыру жөнінде консультация беру;

4) тестілеуге рұқсаттамаларды беруді қамтамасыз ету .

КТӨП қабылдау комиссиясының функциялары:

1) желілік ЖЖОКБҰ-ның техникалық хатшылары мен жауапты хатшыларына консультация беруді ұйымдастыру;

2) оқуға түсушілерге жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының тандап алынатын тобының мәселелері бойынша консультация беру, КТ рәсімдерімен таныстыру;

3) оқуға түсушілерге жауап парағын дұрыс толтыру бойынша консультация беру;

4) құжаттарды қабылдауды және тексеруді ұйымдастыру;

5) КТ өткізу үшін аудиторлық қорды қалыптастыру;

6) КТ-ге арналған техникалық жабдықтың жұмысын ұйымдастыру және қамтамасыз ету;

7) желілік ЖЖОКБҰ-ның жауапты хатшысына КТ-ге рұқсаттама беруді ұйымдастыру.";

8-3-тармақта:

үшінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік комиссия мүшелерінің саны бес адамды құрайды. Комиссия мүшелері арасынан көпшілік дауыспен комиссия төрағасы сайланады. Мемлекеттік комиссияның шешімдері отырысқа қатысып отырған мүшелердің қарапайым көпшілік дауысымен қабылданады және отырыс хаттамаларымен ресімделеді, оған ЖЖОКБҰ білікті қызметкерлері қатарынан тағайындалатын төраға мен хатшы қол қояды. Дауыстар тең болған жағдайда төрағаның дауысы шешуші болып саналады.";

12) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"12) тыйым салынған заттарды кіргізуге және (немесе) алып өтуге әрекет жасағаны үшін, сондай-ақ тестілеуді бөгде тұлға арқылы тапсыруға әрекет жасағаны үшін үміткерді тестілеуге жібермеу туралы шешім қабылдайды;"

10, 11 және 12-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"10. КТ күнтізбелік жылдың 1 - 15 тамызы аралығында өткізіледі.

11. КТ:

1) оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін магистратураға түсушілер үшін: шет тілі (таңдау бойынша ағылшын, неміс, француз) бойынша тесттен, оқуға дайындығын анықтауға арналған қазақ немесе орыс тілдеріндегі (таңдау бойынша) тесттен, білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тесттен;

2) оқыту ағылшын тілінде жүргізілетін магистратураға түсушілер үшін: оқуға дайындығын анықтауға арналған қазақ немесе орыс немесе ағылшын тіліндегі (таңдау бойынша) тесттен және ағылшын тіліндегі білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тесттен;

3) шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының тобына түсушілер үшін: шет тілі (таңдау бойынша ағылшын, неміс, француз) бойынша тесттен, оқуға дайындығын анықтауға арналған қазақ немесе орыс тіліндегі (таңдау бойынша) тесттен;

4) араб тілін білуді талап ететін білім беру бағдарламаларының топтары бойынша магистратураға түсушілер үшін: білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тесттен және оқуға дайындығын анықтауға арналған қазақ немесе орыс тілдеріндегі (таңдау бойынша) тесттен тұрады.

Бұл ретте, Үлгілік қағидалардың 14-тармағында көзделген шет тілін меңгергендігін растайтын халықаралық сертификаттардың біреуі бар тұлғалар магистратураға КТ шет тілі бойынша тестіден босатылады.

КТ бейінді пәндері көрсетілген жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары топтарының тізбесі осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес белгіленеді.

12. КТ тест тапсырмаларының саны:

оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін магистратура үшін:

1) шет тілі бойынша тест – 50;

2) оқуға дайындығын анықтауға арналған тест – 30, оның ішінде: сыни ойлау бойынша – 15, аналитикалық ойлау бойынша – 15;

3) білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тест – 50, оның ішінде: бірінші бейіндік пән бойынша – 30, екінші бейіндік пән бойынша – 20;

оқыту ағылшын тілінде жүргізілетін магистратура үшін:

1) оқуға дайындығын анықтауға арналған тест – 30, оның ішінде: сыни ойлау бойынша – 15, аналитикалық ойлау бойынша – 15;

2) білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша – 50 тест, оның ішінде: бірінші бейіндік пән бойынша – 30, екінші бейіндік пән бойынша – 20;

шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламаларының топтары бойынша магистратураға түсушілер үшін:

1) шет тілі бойынша тест – 50;

2) оқуға дайындығын анықтауға арналған тест – 30, оның ішінде: сыни ойлау бойынша – 15, аналитикалық ойлау бойынша – 15;

араб тілін білуді талап ететін білім беру бағдарламаларының топтары бойынша магистратураға түсушілер үшін:

1) оқуға дайындығын анықтауға арналған тест – 30, оның ішінде: сын тұрғысынан ойлау бойынша – 15, аналитикалық ойлау бойынша – 15;

2) білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тест – 50, оның ішінде: бірінші бейінді пән бойынша – 30, екінші бейінді пән бойынша – 20.";

13-тармақ мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

"4) араб тілін білуді талап ететін білім беру бағдарламаларының топтары бойынша магистратураға түсушілер үшін – 100 балл.";

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

14. КТ-ға берілетін уақыт:

оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін магистратураға түсушілер үшін – 3 сағат 55 минут;

оқыту ағылшын тілінде жүргізілетін магистратураға түсушілер үшін – 2 сағат 40 минут;

шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламаларының топтары бойынша магистратураға түсушілер үшін – 2 сағат 5 минут;

араб тілін білуді талап ететін білім беру бағдарламаларының топтары бойынша магистратураға түсушілер үшін – 2 сағат 40 минут.";

18, 19, 20, 21, және 22-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"18. Ғимаратқа кіргізу қосу үшін пайдаланылатын кіру есіктері және КТ өткізу процесі бейнебақылау жүйесімен қамтамасыз етіледі. Бұл ретте кіргізу, тестілеуді өткізу процесін бейнебақылау жазбасы, сондай-ақ тестілеуден кейін пайдаланылған кітапшалар сақталған үй-жай тестілеу аяқталғаннан кейін күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Ұлттық тестілеу орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнына беріледі.

КТ аяқталғаннан кейін ағымдағы жылдың 28 тамызына дейін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Ұлттық тестілеу орталығы" РМҚК тестілеуді бейнебақылау жазбаларын талдауды жүзеге асырады .

КТ кезінде оқуға түсушілердің осы Қағидалардың 35-тармағында көрсетілген тыйым салынған заттардың біреуін пайдаланғаны анықталған жағдайда, тестілеу нәтижелері жойылады. Республикалық бюджет қаражаты есебінен білім беру грантын беру туралы конкурс нәтижелерінің күшін жою білім беру саласындағы уәкілетті органның бұйрығымен, жергілікті бюджет қаражаты есебінен жергілікті атқарушы органның қаулысымен күнтізбелік жылдың 28 тамызына дейінгі мерзімде жүзеге асырылады.

19. Тестілеуге жіберу кезінде қол және рамалы түрдегі металл іздегіштер қолданылады. Тестілеуге жіберу кезінде металл іздегіштерді қолдану тестілеуді өткізу кезінде түсушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сондай-ақ олардың ғимаратқа ақпаратты тасымалдау функцияларымен жабдықталған тыйым салынған ұялы байланыс құралдарын, смарт сағаттарды, сымды және сымсыз құлаққаптарды және басқаларды алып жүруіне жол бермеу шеңберінде жүзеге асырылады.

Осы тармақта көрсетілген тыйым салынған заттар анықталған кезде тестілеуге жіберу барысында металл іздегішпен тексеру жүргізілгенге дейін Министрлік өкілі осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша акт жасайды және оқуға түсуші тестілеуге жіберілмейді.

20. Тестілеуге жіберу кезінде оқуға түсушілер ғимаратқа бір-бірден кіргізіледі, бұл ретте жеке басын куәландыратын құжат негізінде оқуға түсушінің жеке басын сәйкестендіру жүргізіледі, содан кейін осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша рұқсаттаманы және рұқсаттама түбіртегін салыстырып тексеру жүргізіледі.

Ұлттық тестілеу орталығының сайтында онлайн тіркеу арқылы өтініш берген адамдар ғимаратқа жеке басын куәландыратын құжаттың негізінде бір-бірден кіргізіледі және адам бет-пішінінің көлемді-кеңістіктік формасының сканері арқылы жеке басын сәйкестендіреді.

21. КТ-ге кіргізу барысында "бөгде тұлға" анықталған жағдайда Министрлік өкілі КТӨП-ның қабылдау комиссиясының төрағасымен бірлесіп бөгде тұлғаның қатысуымен осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "Тестілеуге кіргізу барысында бөгде тұлғаны анықтау актісін" жасайды. Оқуға түсуші тестілеуге жіберілмейді.

Компьютерлік форматта КТ-ға кіргізу барысында "бөгде тұлға" анықталған кезде Министрлік өкілі бөгде тұлғаның қатысуымен осы Қағидаларға 4-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "Тестілеуге кіргізу барысында бөгде тұлғаны анықтау актісін" жасайды. Оқуға түсуші тестілеуге жіберілмейді.

Тестілеуге "бөгде тұлғаларды" тартқан оқуға түсушілер тестілеуге жіберілмейді.

22. КТ өткізілетін күні Министрлік өкілі отырғызу парағын басып шығарады.";

24-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"24. КТ қағаз түрінде өткізген кезде Министрлік өкілі оқуға түсушілерді отырғызғаннан кейін оқуға түсушілерге тестілеу материалдарымен жұмыс істеу ережелерін түсіндіреді. Бұдан әрі Министрлік өкілі аудиториядан үш түсушінің қатысуымен тестілеу материалдары бар қораптарды ашуды ұйымдастырады. Шақырылған түсушілер қораптағы мөрдің бүтіндігін тексереді. Қорапты ашуды жүргізеді, осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тестілеу материалдарын ашу актісін жасай отырып, онда бар тестілеу материалдарын қайта есептейді.";

мынадай мазмұндағы 29-1-тармақпен толықтырылсын:

"29-1. Араб тілін білуді талап ететін білім беру бағдарламаларының топтары бойынша магистратураға түсушілерге арналған КТ жауап парағы осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мынадай тәртіппен толтырылады:

1) 1-секторда Т.А.Ә. (бар болса) баспа әріптерімен жазылады;

2) 2-секторда жоғарғы торларда көлденеңінен оқуға түсушінің рұқсаттамасында көрсетілген тестіленушінің жеке коды (бұдан әрі – ТЖК) толтырылады. Әр санның астында торларда белгіленген сандарға сәйкес дөңгелекшелер боялады;

3) 3 және 4-секторда тестілеу кезінде оқуға түсуші отыратын орын және оның кітапшасының нұсқасы дөңгелекшелермен боялады;

4) 5-секторда түсуші КТ тапсыратын лек және аудитория нөмірі қойылады. Лектің нөмірі тестілеу күні бойынша анықталады;

5) 6-секторды араб тілін білуді талап ететін білім беру бағдарламаларының топтары бойынша магистратураға түсушілер боямайды;

6) 7-секторда оқуға дайындығын анықтауға арналған тест тапсырмаларының жауаптары боялады. Әрбір тапсырманың бес нұсқасы бар, олардың біреуі ғана дұрыс. Толық бояу арқылы тек бір сәйкес дөңгелекшені белгілеу қажет;

7) 8-секторда бірінші бейіндік пән бойынша тест тапсырмаларының жауаптары боялады. Бұл секторда әрбір тапсырманың бес нұсқасы бар, олардың біреуі ғана дұрыс. Толық бояу арқылы тек бір сәйкес дөңгелекшені белгілеу қажет;

8) 9-секторда екінші бейіндік пән бойынша тест тапсырмаларының жауаптары боялады. 9-секторда әрбір тапсырманың сегіз нұсқасы бар, олардың ішінен бір немесе бірнеше дұрыс жауаптарды таңдау қажет. Толық бояу арқылы тек тиісті үйірмелерді белгілеу қажет;

9) 10-сектор (жауап парағының нөмірін көрсетеді) боялмайды;

10) "Назар аударыңыз" бағанасына ерекше назар аударылады;

жауап парағы көк немесе қара сиялы қаламмен толтырылады;

жауап парағын ластауға, умаждауға, жұлуға және түзетуші сұйықтықтарды пайдалануға, аудиториядан жауап парағын шығаруға, ұялы телефондарды пайдалануға жол берілмейді;

11) түсуші жауап парағының төменгі оң жақ бұрышына "Түсушінің қолы" деген 11-секторға қол қояды.";

36, 37-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"36. Түсушіде осы Қағидалардың 35-тармағында көрсетілген заттар табылған, сондай-ақ түсуші осы Қағидалардың 35-тармағын бұзған жағдайда Министрлік өкілі КТӨП-тің қабылдау комиссиясының төрағасымен және кезекшімен бірге түсушінің қатысуымен осы Қағидаларға 10-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "Аудиторияда тыйым салынған заттардың тәркіленуі және тәртіп сақтау ережесін бұзған түсушіні аудиториядан шығару туралы акт" толтырады. Түсуші аудиториядан шығарылады. КТ нәтижелері өңделмейді және жойылуға жатады.

Түсушіден осы Қағидалардың 35-тармағында көрсетілген заттар табылған жағдайда, сондай-ақ түсуші компьютерлік форматта КТ тапсыру кезінде осы Қағидалардың 35-тармағын бұзған жағдайда, Министрлік өкілі кезекшімен бірге түсушінің қатысуымен осы Қағидалардың 10-2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша "Тыйым салынған заттарды анықтау және аудиторияда тәртіп ережесін бұзған түсушіні аудиториядан шығару актісін" жасайды. Оқуға түсуші аудиториядан шығарылады. КТ нәтижелері өңделмейді және жойылуға жатады.";

37. Қағаз форматта КТ-ны өткізу барысында бөгде тұлға анықталған жағдайда, Министрліктің өкілі мемлекеттік комиссия төрағасымен бірлесіп, бөгде тұлғаның қатысуымен осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "Тестілеуді өткізу барысында бөгде тұлғаны анықтау актісін" жасайды. Бөгде тұлғалар аудиториядан шығарылады. КТ нәтижелері өңделмейді және жойылуға жатады.

Компьютерлік форматта КТ өткізу барысында бөгде тұлға анықталған жағдайда, Министрліктің өкілі бөгде тұлғаның қатысуымен осы Қағидаларға 11-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "Тестілеуді өткізу барысында бөгде тұлғаны анықтау актісін" жасайды. Бөгде тұлға аудиториядан шығарылады. КТ нәтижелері өңделмейді және жойылуға жатады.

Тестілеуге "бөгде тұлғаларды" тартқан адамдар тестілеуге жіберілмейді.";

47-2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"47-2. Тестілеу өткізілетін күні таңертең Министрлік өкілі түсушінің отырғызу парағын басып шығарады (компьютерлік форматта тестілеуді өткізуге арналған бағдарлама арқылы).

Түсуші осы Қағидаларға 5-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша отырғызу парағында көрсетілген нөмірге сәйкес келетін орынға отырады, ол түсушілердің отырғызу орнының нөмірі бойынша сұрыпталады.

Отырғызғаннан кейін түсуші отырғызу парағына қол қояды, "Компьютер нөмірі" бағанын қолмен толтырады.";

47-12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"47-12. Оқуға түсуші осы Қағидалардың 35, 47-11-тармақтарын бұзған жағдайда Министрлік өкілі осы Қағидалардың 10-2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша Аудиторияда тәртіп ережесін бұзған түсушіні аудиториядан шығару және тыйым салынған заттарды анықтау актісін жасайды.";

47-14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"47-14. 36, 37 және 38-тармақтарда көрсетілген адамдардың тестілеу нәтижелері өңделмейді және жойылуға жатады.

КТ тест тапсырмаларының жауаптарын бағалау осы Қағидалардың 42- тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

Тестілеу нәтижесі тестілеу аяқталғаннан кейін беріледі, сондай-ақ тестілеу нәтижесімен www.testcenter.kz сайтында танысуға болады.

Тестілеу аяқталғаннан кейін түсушілер нәтижелермен (дұрыс және дұрыс емес жауаптар) таныстырылады және негіздемелермен келіспеген жағдайда онлайн апелляцияға береді.";

51-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"51. Апелляциялық комиссияның құрамы КТ пәндері бойынша КТӨП және желілік ЖЖОКБҰ профессор-оқытушылар құрамынан қалыптасады. КТ кезінде бір тестілеу пәні бойынша оқытушылар саны екеуден кем болмайды.";

3-1-параграфтың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"3-параграф. Компьютерлік форматтағы КТ кезінде апелляцияға өтініш беру және қарау";

59-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"59-1. Бірыңғай өлшемшарттардың сақталуын қамтамасыз ету және тест тапсырмаларын бағалау кезінде даулы мәселелерді шешу, тестілеуді өткізу кезеңінде түсушілердің құқықтарын қорғау мақсатында Республикалық апелляциялық комиссия құрылады.";

59-3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"59-3. Республикалық апелляциялық комиссияның құрамы КТ пәндері бойынша ЖЖОКБҰ профессор-оқытушылар құрамынан құрылады. КТ кезінде тестілеудің бір пәні бойынша оқытушылар саны екеуден кем болмайды.";

59-4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"59-4. Мазмұны бойынша апелляцияға өтінішті тестілеуге қатысқан адам тестілеу аяқталғаннан кейін 30 минут ішінде береді.

Апелляцияға өтініштер тест тапсырмаларының мазмұны және техникалық себептер бойынша қаралады.

Апелляцияға түскен өтініштерді Республикалық апелляциялық комиссия тестілеу өткізілген күннен кейін күнтізбелік 3 (үш) күннен 5 (бес) күнге дейінгі аралықта қарайды.

Онлайн апелляция нәтижелері Республикалық апелляциялық комиссия қарағаннан кейін түсушінің жеке кабинетінде көрсетіледі.";

59-6, 59-7-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"59-6. Апелляцияға берілген өтініште баяндалған нақты фактілер қарауға жатады.

Тест тапсырмаларын қайта қарау үшін мазмұны бойынша өтініш берген кезде түсуші дәлелді негіздемені (толық түсініктеме) көрсетеді.

Дәлелді негіздеме (толық түсініктеме, тапсырмаларды қадамдық шешу) көрсетілмеген барлық тест тапсырмаларын қайта қарау жөніндегі апелляцияға өтініш қарауға жатпайды.

Техникалық себептер бойынша апелляцияға өтініш беру үшін тестілеу кезінде осы Қағидалардың 16-1, 17-1-қосымшаларына сәйкес нысан бойынша аудитория кезекшісінің қатысуымен акт жасалады. Акт Республикалық апелляциялық комиссияға беріледі.

59-7. Республикалық апелляциялық комиссияның шешімі комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда төрағаның дауысы шешуші болып табылады. Республикалық апелляциялық комиссияның шешімі осы Қағидалардың 23-қосымшасына сәйкес нысан бойынша хаттамамен ресімделеді, оған комиссияның төрағасы және барлық мүшелері қол қояды. Республикалық апелляциялық комиссия отырыстарының хаттамалары тестілеуді өткізуге жауапты ұйымда бір жыл бойы сақталады.

Республикалық апелляциялық комиссияның шешімі түпкілікті болып табылады және қайта қарауға жатпайды.

Онлайн апелляция нәтижелері бойынша түсушінің жеке кабинетінде апелляцияны есепке ала отырып КТ нәтижелері көрсетіледі.";

62-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"62. Электрондық сертификатта әрбір блок бойынша алынған КТ балдары бойынша деректер бар.";

1, 2, 3, 4, 5, 10, 11, 12, 13-қосымшалар осы бұйрыққа 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8 және 9-қосымшаларға сәйкес редакцияда жазылсын;

осы бұйрыққа 10, 11, 12, 13, 14, 15 және 16-қосымшаларға сәйкес 4-1, 5-1, 10-1, 10-2, 11-1, 16-1 және 17-1-қосымшалармен толықтырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі М.М. Дәуленовке жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрі

А. Аймағамбетов

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2020 жылғы 16 шілдедегі
№ 302 бұйрығына
қосымша
Кешенді тестілеуді
өткізу қағидаларына
1-қосымша
Нысан

Кешенді тестілеуге қатысу үшін өтініш

Жеке мәліметтер
Т.А.Ә.
ЖСН
Жеке куәліктің нөмірі
Туған жылы
Азаматтығы
Ұлты
Жынысы
E-mail
Ұялы телефон нөмірі
ЖОО аяқтаған жылы
Тестілеу туралы ақпарат
Жоғары білім мамандығының атауы және шифры
Дайындық бағыты: ғылыми-педагогикалық/ бейінді
Білім беру бағдарламаларының тобы
Тестілеуді тапсыру тілі
Шет тілі
Оқуға дайындығын анықтауға арналған тестті тапсыру тілі

Араб тілін білуді/ шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламалары тобы бойынша магистратура

Жалпыеуропалық құзыреттерге (стандарттарға) сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификаттың атауы және нөмірі (бар болған жағдайда)

Жалпыеуропалық құзыреттерге (стандарттарға) сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификатының балы (бар болған жағдайда)

Мүгедектік туралы мәліметтер

Желілік ЖЖОКБҰ _____

(код)

(атауы)

Желілік ЖЖОКБҰ қабылдау комиссиясының техникалық хатшысы

(қолы)

(Т.А.Ә.)

Өтінішпен танысып, өзім көрсеткен мәліметтердің дұрыс жазылғанын растаймын

Өтініш беруші _____

(қолы)

(Т.А.Ә.)

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2020 жылғы 16 шілдедегі
№ 302 бұйрығына
қосымша
Кешенді тестілеуді
өткізу қағидаларына
2-қосымша
Нысан

Кешенді тестілеу бейінді пәндері көрсетілген білім беру бағдарламалары топтарының тізбесі

Білім беру бағдарламасы тобының нөмірі	Білім беру бағдарламасы тобының атауы	Бейінді пәндер	
		1 бейінді пән	2 бейінді пән
M001	Педагогика және психология	Педагогика	Психология
M002	Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу	Мектепке дейінгі педагогика	Мектепке дейінгі жастағы балалардың тілін дамыту әдістемесі
M003	Пәндік мамандандырылмаған педагогтерді даярлау	Педагогика (бастауыш сыныптар үшін)	Бастауыш сыныптарда математиканы оқыту әдістемесі
M004	Бастапқы әскери дайындық педагогтерін даярлау	Педагогика	Бастапқы әскери дайындықты оқыту әдістемесі
M005	Дене шынықтыру педагогтерін даярлау	Педагогика	Дене шынықтыру теориясы мен әдістемесі
M006	Музыка педагогтерін даярлау	Педагогика	Музыка пәнін оқыту әдістемесі
M007	Көркем еңбек, графика және жобалау педагогтерін даярлау	Педагогика	Көркем еңбек, графика және жобалау әдістемесі

M008	Кәсіптік оқыту педагогтерін даярлау	Педагогика	Кәсіптік оқытудың заманауи технологиялары
M009	Құқық және экономика негіздері	Мемлекет және құқық теориясы	Құқық және экономика негіздерін оқыту әдістемесі
M010	Математика педагогтерін даярлау	Математика	Математиканы оқыту әдістемесі
M011	Физика педагогтерін даярлау (қазақ, орыс, ағылшын тілі)	Жалпы физика	Физиканы оқыту әдістемесі
M012	Информатика педагогтерін даярлау (қазақ, орыс, ағылшын тілі)	Бағдарламалау	Информатиканы оқыту әдістемесі
M013	Химия педагогтерін даярлау (қазақ, орыс, ағылшын тілі)	Химия	Химияны оқыту әдістемесі
M014	Биология педагогтерін даярлау (қазақ, орыс, ағылшын тілі)	Биология	Биологияны оқыту әдістемесі
M015	География педагогтерін даярлау	География	Географияны оқыту әдістемесі
M016	Тарих педагогтерін даярлау	Қазақстан тарихы	Тарихты оқыту әдістемесі
M017	Қазақ тілі мен әдебиетінің педагогтерін даярлау	Педагогика	Қазақ тілін оқыту әдістемесі
M018	Орыс тілі мен әдебиетінің педагогтерін даярлау	Педагогика	Орыс тілін оқыту әдістемесі
M019	Шет тілдері педагогтерін даярлау	Педагогика (қазақ, орыс, ағылшын тілі)	Кәсіби бағытталған шет тілі (ағылшын, француз, неміс тілдері)
M020	Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану бойынша кадрларын даярлау	Әлеуметтік педагогика	Өзін-өзі тануды оқыту әдістемесі
M021	Арнайы педагогика	Арнайы педагогика	Инклюзивті білім беру
M022	Музыкатану	Шығармашылық емтихан	Реферат қорғау
M023	Аспаптық орындаушылық	Шығармашылық емтихан	Реферат қорғау
M024	Вокалдық өнер	Шығармашылық емтихан	Реферат қорғау
M025	Дәстүрлі музыка өнері	Шығармашылық емтихан	Реферат қорғау
M026	Композиция	Шығармашылық емтихан	Реферат қорғау
M027	Дирижирлеу	Шығармашылық емтихан	Реферат қорғау
M028	Режиссура	Шығармашылық емтихан	Реферат қорғау
M029	Театр өнері	Шығармашылық емтихан	Реферат қорғау
M030	Эстрада өнері	Шығармашылық емтихан	Реферат қорғау
M031	Хореография	Шығармашылық емтихан	Реферат қорғау

M032	Аудиовизуалды өнер және медиа өндіріс	Шығармашылық емтихан	Реферат қорғау
M033	Бейнелеу өнері	Шығармашылық емтихан	Реферат қорғау
M034	Өнертану	Шығармашылық емтихан	Реферат қорғау
M035	Сән, дизайн	Шығармашылық емтихан	Реферат қорғау
M036	Полиграфия	Шығармашылық емтихан	Реферат қорғау
M037	Арт-менеджмент	Шығармашылық емтихан	Реферат қорғау
M050	Философия және әдеп	Қазақ философиясы	Әлеуметтік философия
M051	Дінтану және теология	Діндер тарихы	Қазіргі дәстүрден тыс діни қозғалыстар және культтер
M052	Исламтану	Діндер тарихы	Қазақстандағы қазіргі діни жағдай
